

№ 2 Дәріс. Мұнай –газ комплексіндегі логистиканың әдістемелік аппараты

Әлем мұхитының шельф ауданының 22% Ресей мемлекетінікі, оның ішінде 80-90% көмірсутекті өндіруге перспективасы бар деп есептелінеді, жылу-энергетикалық ресурстар қорының 85% арктикалық теңіздер шельфіне, 12-14 % Таяу Шығыс теңіз шельфіне, ал қалғандары Каспий, Азовский және Балтииский теңіздеріне келеді.

Көмірсутектер қоры бойынша ең перспективалы болып келетін Батыс Арктика, оның ішінде Баремский, Қызыл және Печорский өзендері. Соңғы жылдары осы жерде 10 мұнай газ кен орындары және 2 газконденсатты кен орындары ашылып, осылардың ішінде 4-і қоры бойынша ең ірі болып келеді: Штокмандық – газконденсатты, Ленинградтық, Русандық газ және приразламдық – мұнай кен орындары. Мұнайдың әлемдік қоры жуықтап 90 млрд. тоннаға бағаланады. Мұнайдың ең көп қоры Сауд Арабия, Кувейт, Иран, Ирак, АҚШ, Біріккен Эмират жерлерінде. Ресейде ең алғаш рет мұнайдың Кавказда, одан кейін Повольжье, Батыс Сібір, Темано-Печор провинциясында, Сахалинде өндіре бастады. Қазіргі кезде кезек Шығыс Сібірге және континентальды шельфке келді.

XX ғ. 40-ы жылдары Каспий теңізінің шельфінде мұнай мен газды өндіру жасанды аралдардан басталса, одан кейін 0,2-ден 2,9 м-ге дейін теңіз тереңдігінде мұнай өндіруді қамтамасыз ететін метал эстакадалары қолдана бастады. Каспийда Нефтяные Камни атты бұрғылаушылар және мұнай газ өнджірушілер қаласы құрылды.

Жалпы әлем балансында мұнай газды өндіру XX ғ. 60-шы жылдары болып келеді. Қазіргі кезде теңізде мұнай өндіру құрлықта өндіру динамикасынан 5 есе артады (кесте 1). Мұнай мен газдың басты ресурстары сонымен қатар Атлант және Үнді мұхиттарында да орналасқан.

Кесте 1.- Әлем балансында теңізде мұнай өндіру

| | | | | | | | | | |
|-----------|------|------|------|------|------|------|------|-------|---|
| Өндіру | 1960 | 1970 | 1976 | 1980 | 1985 | 1995 | 2005 | 2020 | ж |
| бөлігі | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж | болж. | |
| % млн. т. | - | | 6,5 | 22,9 | | | | * | |

70-і жылдардың басында теңіз және мұхитта мұнай газ өндірумен 21 мемлекет айналысып, геофизикалық және бұрғылау жұмыстарды 46 мемлекет жүзеге асырып, 5 оған дайындалған. 80-і жылдардың басында континенталды шельфті меңгеруге 100 ел қатысып, оның ішінде теңіз мұнай газ кен орындарды игеруді 37-сі жүргізді. Теңіз кен орындарын іздеу және оларды игерумен 90-шы жылдарда 136 компания және 118 мемлекеттің фирмалары айналысты. Осы жылдары Әлем мұхитының континенталды шельфінде мұнай газ өндіру жылына 900 млн. т., (1 тонна мұнайға 1200 м³ газ тең) әлем өндірудің 35% құрады.

Қазіргі уақытта шельфте көмірсутектер ресурстарын меңгеру жұмыстарын 120-дан астам мемлекет жүргізуде. Теңіз және мұнай шельфтерінде 2000 мұнай және газ кен орындары ашылған. (сурет 2).

Сурет 2- Әлемде мұнай және газ теңіз кен орындары (Ресейсіз).

1 – Ұңғымалардың аз санымен өндіру.

2 – Кәсіптік өндіру зоналары.

3 - Өндірудің перспективті аймақтары (аудандары)

Әлем мұхитындағы шельфте мұнай газбен өте бай болып келетін Перстік (Әлем қорының жартысынан астам), Мексикалық және Гвенеялік шығанақтары, Оңтүстік Шығыс Азия теңіздері, Бофорт және Солтүстік теңіздері, Маракайбо (Венесуэла).

Әлемде ең ірі кен орындары ашылған – Саффания (Сауд Арабия) қоры 5 млрд. бағаланады, жылдық шығымы 75,5 млн. т.; Маракайбо лагунасы қоры 7 млрд. т.; норз Даум (Катар) газ қоры – 71 трл. м³.

Қазіргі уақытта үлкен қарқындылықпен Кариб теңізі, Мексикалық шығанақ, Сауд Араб және Кувейт жағалаулары Солтүстік және Норвегия теңіздері, Аляска шельфінде, сонымен қатар басқа да теңіз акваторияларында мұнай газ өндіруде.

Негізгі әдебиет: 1.[3-7], 2. [6-17]

Қосымша әдебиет: 1. [15-17], [18-23]

Бақылау сұрақтары:

1. Шельф деген не?
2. Теңіз кен орындарын меңгеру қашан басталды?
3. Қазіргі уақытта көмірсутекті ресурстарды шельфте меңгеру жұмыстарымен қанша мемлекет айналысуда?
4. Құрлықтардың сулы жерлері қандай зоналардан тұрады?
5. Әлем мұхитының континенталды шельфінің қандай учаскелері көмірсутектерге өте бай?